



Мектеп директорларына

Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімі «Жаңа Қазақстан» республикалық инновациялық орталығының 2025 жыл 17 қазандағы №01-0017 хатын ақпарат үшін жолдайды.

Қосымша: 5 бет тіркеледі.

1 Басшының м.а.

Б.Самылтыров

Орындаған: А.Кариева



010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы,
Жеңіс көшесі 29, 421 «А» офис
www.bilim-ork.kz, astana-20n@mail.ru
тел.: +7 707 142 74 40, 8 (71-72) 44-34-50

010000, город Астана, район
Сарыарқа, ул. Победа 29, офис 421.
www.bilim-ork.kz, astana-20n@mail.ru
тел.: +7 707 142 74 40, 8 (71-72) 44-34-50

**“ДАНА АБАЙ ІЗІМЕН”
республикалық шығармашылық байқауы**

2025 жылы қазақ руханиятының шамшырағы, Хакім Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толып отыр. Бұл — ұлттың терең танымы мен рухани мұрасын өскелең ұрпақ бойына сіңіру үшін үлкен жауапкершілік жүктейтін маңызды белес.

Абайдың мұрасы – терең ойдың, кемел парасаттың, ұлт болмысының көркем бейнесі. Абайды оқу — ойлану, Абайды түсіну — адам болудың биігіне ұмтылу. Сол себепті, жас ұрпақтың ақыл-ойын, танымын, көркемдік әлемін Абай әлемімен тоғыстыру – бүгінгі білім мен тәрбиенің басты мұраттарының бірі.

Осыған орай, Қазақстан Республикасы «Абай» атындағы халықаралық мәдениет пен өнерді қолдау қоры және «Жаңа Қазақстан» Республикалық инновациялық орталығы Оқу-ағарту министрлігінің ақпараттық қолдауымен, дарынды жастардың арасында байланыс орнату және оқушылардың ғылыми әлеуетін күшейту мақсатында жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында **«ДАНА АБАЙ ІЗІМЕН»** атты республикалық **ТЕГІН** шығармашылық байқауын өткізеді.

Байқаудың мақсаты: Ұлы ақын Абайдың шығармаларын жас ұрпаққа кеңінен насихаттау арқылы білім және ғылымға деген жастардың қызығушылығын арттырып, отанын сүйетін, білімді азаматтарды қалыптастыруға ықпал ету.

Байқау шарты:

Қатысушы өтініш кестесін толтырып, төменде көрсетілген номинациялардың бірін таңдап, бейнебаян түсіріп жіберу қажет. Бейнебаян ұзақтығы 1.30 минуттан аспауы керек. Орындаушының көркемдік шеберлігі, қазақ тілінде таза сөйлеуі, мазмұнға баса мән беруі, бейнебаянның тақырыпқа сай болуы бағаланады. Белгіленген уақыттан кешіктіріліп жіберілген туындылар қабылданбайды. Бейнебаянда өлең оқыған оқушының өзі қатысуы қажет.

Ұйымдастыру комитетіне құжаттарды ұсыну тәртібі:

Байқауға қатысу үшін өтініш кестесімен бірге бейнебаянды **2025 жылдың қараша айының 10-на дейін +7 708 935 69 47 WhatsApp номеріне** жіберу қажет.

(Байқауға ерікті түрде ниет білдірген кез келген қатысушы қатыса алады)

Номинациялар:

- Абай шығармаларынан – өлеңін, қарасөзін көркемдеп оқу;
 - Абайдың шет тілдеріне аударылған туындыларын оқу;
 - Абай шығармаларын бейнелеу әлемінде көркемдеу;
- (Бір қатысушыдан Абайдың бір туындысы ғана қабылданады)

Байқау жас ерекшелігіне байланысты төрт буынға бөлінеді:

Балабақша: 3-6 жас аралығы;

Бастауыш: 1-4 сыныптар аралығында;

Негізгі: 5-9 сыныптар аралығында;

Жоғарғы: 9-11 және арнаулы оқу орындарының (колледж) студенттері аралығында.

Байқау жеңімпаздарын анықтау үшін қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасының құрамы ғылым докторларынан, қоғамға танымал тұлғалардан, Абайтанушы ғалымдардан, педагог ұстаздардан тұрады.

Марапаттау рәсімі:

Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлері «Жаңа Қазақстан» Республикалық инновациялық орталығының атынан Республикалық деңгейдегі I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

Үздік деп танылған, талапқа сай видеолар Instagram парақшасына салынады.

Ұйымдастыру алқасы:

Ұйымдастыру алқасының сайты: <https://bilim-ork.kz/>

Инстаграм парақшасы: @bilim_orkeniety

+7 708 935 69 47, +7 747 702 52 62, +7 707 142 74 40

ӨТІНІШ КЕСТЕСІ ЖҰМЫСПЕН БІРГЕ ЖІБЕРІЛУ КЕРЕК

Оқушының тегі, аты-жөні	
Жетекшісінің аты-жөні	
Облыс, қала, аудан, ауыл атауы	
Білім беру мекемесінің атауы	
Сыныбы	
Байқау атауы	«ДАНА АБАЙ ІЗІМЕН»
Телефоны, ұялы, e-mail (мұғалім және оқушы)	
Ата-анасының аты-жөні	
3x4 фотосы	
Мекен-жайы, жергілікті казпочтаның индекс номері	

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің ақпараттық қолдауымен
«Жаңа Қазақстан» республикалық инновациялық орталығының
ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай өтетін
«ТӘУЕЛСІЗДІК ДАРЫНЫ»
атты республикалық байқауына дарынды оқушыларды қатысуға
шақырамыз!

Байқаудың мақсаты мен міндеттері: Республикамыздың дарынды оқушыларының арасында байланыс орнату, тәуелсіздік қадірлі де қастерлі ұғым екенін дәріптеу және оқушылардың ғылыми әлеуетін күшейту, инновациялық идеяларын кеңейте отырып үздіктерін анықтау!

**КӘСІБИ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУДЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ,
ПЕДАГОГ-ҰСТАЗДАРДЫҢ АТТЕСТАЦИЯДАН ӨТУІНЕ ЖАРАМДЫ ҚҰЖАТ
БОЛЫП ЕСЕПТЕЛЕДІ.**

Байқау қатысушылары: Білім беру ұйымдарының педагогтері оқушыларымен бірге қатыса алады. Байқауға қатысу **ТЕГІН!**

Байқаудың шарты: Оқушы жетекшісімен бірге төмендегі номинациялардың бірін тандап, жұмысын өтініш кестесімен бірге **2025 жылдың қараша айының 10-на дейін tulgabol_100@mail.ru** почтасына немесе +7 747 687 72 47 WhatsApp номеріне жіберуі қажет.

Байқауға жұмыстар келесі номинациялар бойынша қабылданады:

1. «Ұлт рухы» номинациясы (Эссе):

Қатысушылар төмендегі тақырыптардың біріне эссе жазады:

1. Менің Тәуелсіз елім – менің мақтанышым;
2. Мен өз елімнің патриотымын;
3. Тәуелсіздікке жол ашқан ерлер ерлігі;
4. Ұлттың жаны – тіл мен дәстүр;

2. «Жас ғалым» номинациясы (Ғылыми жоба):

Тәуелсіз Қазақстанның дамуына үлес қосатын идеяларды, заманауи ғылыми көзқарастарды және зерттеу дағдыларын танытатын ғылыми жобасын ұсынады.

3. «Жас өнерпаз» номинациясы (Бейнебаян):

Бұл номинация Тәуелсіздік рухын, елге деген сүйіспеншілікті және патриоттық сезімді өнер арқылы көрсетуге арналған. Қатысушылар өз шығармашылығы арқылы туған елге, ерлікке, бейбіт өмір мен бірлікке деген құрметін білдіреді. Жас өнерпаздардан ән айту, поэзия оқу бағытындағы жұмыстар (видео форматта) қабылданады.

Эссеге қойылатын талаптар: мәтін MS Word форматында, 2 беттен артық емес, кегл өлшемі 14, аралық интервал 1.0, шрифт Times New Roman, беттердің барлық жағынан өлшемі 20 мм.

Ғылыми жобаға қойылатын талаптар: Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторында «Times New Roman» 14 шрифтпен терілуі керек, жоларалық 1,0 см, сол жақтан 20 мм жол. Ғылыми жоба 15 беттен артық болмауы қажет.

Ғылыми жоба құрылымы: бастапқы беті (тақырып, секция, сынып, оқушы мен жетекші аты-жөні), мазмұны, негізгі бөлім (кіріспе, теория, практика, қорытынды) және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Бейнебаянға қойылатын талаптар: Бейнебаян ұзақтығы 1.30 минуттан аспауы керек. Орындаушының көркемдік шеберлігі, қазақ тілінде таза сөйлеуі, мазмұнға баса мән беруі, бейнебаянның тақырыпқа сай болуы бағаланады. Бейнебаянда өлең оқыған оқушының өзі қатысуы қажет.

Марапаттау рәсімі:

Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлері «Жана Қазақстан» Республикалық инновациялық орталығының атынан Республикалық деңгейдегі I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады..

Байқауға жұмыстар (қазақ, орыс, ағылшын) тілдерінде қабылданады!

Барлық сұрақтарды анықтама телефондары арқылы қоя аласыздар:

+7 747 687 72 47 , +7 747 702 52 62, +7 778 742 7440

tulgabol_100@mail.ru

ӨТІНІШ КЕСТЕСІ ЖҰМЫСПЕН БІРГЕ ЖІБЕРІЛУ КЕРЕК

Оқушының тегі, аты-жөні	
Жетекшісінің аты-жөні	
Облыс, қала, аудан, ауыл атауы	
Білім беру мекеменің атауы	
Сыныбы	
Байқау атауы	«ТӘУЕЛСІЗДІК ДАРЫНЫ»
Телефоны, ұялы, e-mail (мұғалім және оқушы)	
Ата-анасының аты-жөні	
3x4 фотосы	
Мекен-жайы, жергілікті казпочтаның индекс номері	